«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры: Л.Ө.Құлмаханбет

ҚР 2007жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы; ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы; ҚР ОАМ Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2023 жылғы 23 қыркүйектегі №34 бұйрығына сәйкес

«Шардара» мектеп-лицейінің 2026-2027 оқу жылына арналған МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖОСПАРЫ

Scanned with CamScanner

Мектепішілік бақылау
ЖОСПАРЫ

2026-2027 оқу жылы

№	Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
1	Білім беру жүйесіндегі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру	Педагогикалық ұжымға «Адал азамат» бағдарламасының мазмұнын түсіндіру, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тиімділігін арттыру	Мұғалімдер, сынып жетекшілер, тәрбиешілер	Әкімшілік бақылау	Құжаттарды зерделеу, таныстырылым, әңгімелесу, сауалнама	Қыркүйек	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова С.К.Динасилов	Пед кеңес	Бағдарламаны іске асыру бойынша мектепішілік бұйрық шығару, жоспарға енгізу	Қараша айында орындалуын қайта тексеру
2	Білім беру ұйымында қауіпсіз, жайлы физикалық оқу ортасын қамтамасыз ету	Қауіпсіздік талаптарының сақталуын тексеру	Мектеп ауласы, ғимарат ішіндегі жағдай	Тақырыптық	Бақылау, фотофиксация, акт	Қыркүйек	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова С.К.Динасилов	Директор жанындағы кеңес	Кемшілікті жою, нұсқау беру	Ақпан
3	Бағдаралама аясында жүргізілетін жобалар жұмысы	жобаларды тиімді ұйымдастыруын, жоспарға сәйкес жүзеге асыруын қадағалау	Жоба жетекшілері	Ішкі бақылау	Құжаттарды талдау, әңгімелесу, сауалнама, ашық іс-шараларды бақылау	Қыркүйек – мамыр аралығы (жыл бойы кезең-кезеңімен)	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова С.К.Динасилов	Сынып жетекші ӘБ	Жобалардың орындалу сапасына талдау жасап, әдістемелік ұсыныстар беру, түзету шараларын қабылдау	Жыл соңында қорытынды бақылау
4	Өткен оқу жылындағы ӘБ жұмысының қортындысын талдап жаңа оқу жылының жыдық жоспарын жоспарлау	Өткен оқу жылындағы Әдістемелік бірлестіктің (ӘБ) жұмысын кешенді талдау арқылы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтау, туындаған мәселелерді шешудің тиімді жолдарын айқындау, алдағы оқу	Сынып жетекшілер	Тақырыптық	Құжат, бақылау, талдау	қыркүйек	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова С.К.Динасилов ӘБ жетекшісі: Г.Сахова М.Тулемисова	Сынып жетекші ӘБ	Қортынды есеп	

Scanned with CamScanner

		жылына қойылатын міндеттерді белгілеу және сол негізде жаңа оқу жылының жылдық жұмыс жоспарын әзірлеу.								
5	Оқушыларды ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру	Оқушылардың сапалы, қауіпсіз және уақытылы ыстық тамақпен қамтылуын бақылау	Мектеп асханасы, ас мәзірі, оқушылар	Тақырыптық бақылау	Бақылау, ас мәзірін талдау, құжаттарды тексеру, сауалнама, мониторинг	Қыркүйек–мамыр (ай сайын)	Әлеуметтік педагог: Қ.Мұсақұлова А.Базарбаева	Директор жанындағы кеңес	Ас сапасын жақсарту, санитарлық талаптарды сақтау, кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар	Тоқсан сайын
7	Этика нормаларын сақтау жағдайын тексеру	Этикалық мәдениеттің сақталуын бақылау	Мұғалімдер, оқушылар	Тақырыптық	Сауалнама, бақылау, әңгіме	Қазан	Педагог-психолог: Ф.Жумабаева А.Арын	Директор жанындағы кеңес	Ұсыныс хат дайындау	Наурыз
8	Құқықбұзушылықтың алдын алу, оқушылар арасындағы өзара сыйластықты бақылау	Қауіп-қатер топтарымен жұмыс нәтижелілігін бақылау	Қауіп тобы оқушылары	Мақсатты	Мониторинг, әңгіме	Ай сайын	С.К.Динасилов	Директор жанындағы кеңес	Жеке жұмыс картасы	Тұрақты
9	1.Сынып жетекшілердің лауазымдық қызметімен таныстыру 2.Мектеп жарғысымен және ішкі тәртіп ережесімен таныстыру 3.Сынып сағаттарына «Қауіпсіздік сабақтарын» кіріктіру	1.Сынып жетекшілердің функционалдық міндеттерін, тәрбие жұмысының бағыттарын нақтылау 2. Мұғалімдер мен оқушылардың құқықтары мен міндеттерін, мектеп тәртібін білуін қамтамасыз ету 3. Қауіпсіздік дағдыларын	Сынып жетекшілер	1.Тақырыптық бақылау 2. Әкімшілік-бақылау 3. Жүйелі бақылау	1. Әңгімелесу, құжаттармен танысу, 2. Құжаттарды зерделеу, түсіндіру әңгімесі, жиналыс хаттамасын қарау 3. Сабаққа қатысу, әңгімелесу, күнделік пен сынып журналын	Қыркүйек Қыркүйек Қазан–мамыр аралығы	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова С.К.Динасилов	1. Сынып жетекші ӘБ 2. Пед кеңес 3.Сынып жетекші ӘБ	1. Міндеттерді орындау деңгейін талдап, әдістемелік көмек көрсету 2. Ішкі тәртіпті сақтау деңгейін анықтап, түзету шараларын қабылдау 3. Қауіпсіздік сабақтарының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныс енгізу	қыркүйек Қараша Желтоқсан ақпан

Scanned with CamScanner

		қалыптастыру, оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету			тексеру					
10	1.«Зорлық-зомбылықтың алдын алу» бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс барысы туралы 2.Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта тұрғын жайдан тыс бос болуын, сондай ақ кәмелетке толмағандарға алкогольдік ішімдіктер сату фактілерін анықтау мақсатында рейд жұмыстарының барысы	1. Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін анықтау; сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралардың сапасын бағалау 2. Оқушылардың құқықтық тәртіпті сақтауын қадағалау; кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; құқықбұзушылықтың алдын алу	1.Сынып жетекшілер, педагог-ұйымдастырушы, мектеп психологы 2. Сынып оқушылары, ата-аналар	1. Жоспарлы бақылау 2. Арнайы бақылау (рейдтік шара)	1. Құжаттарды талдау, әңгімелесу, сауалнама, бақылау 2. Тексеру, полициямен бірлескен рейд, әңгімелесу, хаттама толтыру	Қараша Ай сайын	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова С.К.Динасилов	Пед кеңес Директор жанындағы кеңес	1.Жұмыс нәтижесіне байланысты қосымша іс-шаралар енгізу, ата-аналармен жұмыс жүйесін жетілдіру 2. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша қосымша шаралар қабылдау, ескерту, түсіндірме жұмыстарын күшейту	Қаңтар Жыл бойында
11	1.Мектептегі психологиялық қызметтің жұмысы 2.Сыныптардағы қыз-ұл балалармен жұмысты жандандыру	1.Психологиялық қызметтің тиімділігін, оқушылармен, ата-аналармен және педагогтармен жүргізілетін жұмыстың сапасын анықтау 2. Сынып жетекшілердің	1.Мектеп психологы, психологиялық қызмет кабинеті 2. Сынып жетекшілер, қыздар мен ұлдар ұйымы,	1.Жоспарлы бақылау 2.Тақырыптық бақылау	1.Әңгіме, сауалнама, құжаттарды талдау, сабақ/тренингке қатысу 2. Сауалнама, әңгіме, сынып сағаттарына қатысу,	Қараша	Педагог-психолог: Ф.Жумабаева А.Арын	Директор жанындағы кеңес Сынып жетекші ӘБ	1.Кемшіліктерді түзету, әдістемелік көмек көрсету, жұмысты жетілдіру шараларын қабылдау 2. Тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша әдістемелік нұсқау	Ақпан Наурыз

Scanned with CamScanner

		қыздармен және ұлдармен жүргізетін тәрбие жұмысының жүйелілігін, мазмұнын, нәтижелілігін бақылау			құжаттарды тексеру				беру, нәтижесін талдау	
12	Мектеп формасына қойылатын талаптардың сақталуын бақылау	Тәртіп пен мәдениетті қалыптастыру	Оқушылар	Жүйелі	Рейд, фото	Апта сайын	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова С.К.Динасилов	Директор жанындағы кеңес	Ұсыныс	Үнемі
13	Сынып сағаттарының өткізілу мазмұны мен сапасына талдау	Сынып сағаттарының құндылық бағытын анықтау	Сынып журналдары	Таңдамалы	Мониторинг, тексеру	Ай сайын	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова С.К.Динасилов	Сынып жетекші ӘБ	Үлгілік құрылым беру	Үнемі
14	1.Тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша ата-аналармен, қамқоршыларымен және жасөспірімдермен жүргізілген профилактикалық жұмыстар 2.Ерте жүктіліктің салдары қыздар клубының жұмысы 3.Мектепте буллинг пен сыртық бопсалаудың алдын алу	1.Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қауіпсіз орта қалыптастыру, ата-аналарды бала тәрбиесіндегі жауапкершілікке тарту 2. Қыз балалардың өзін-өзі бағалауына, репродуктивті мәдениетіне, жеке жауапкершілігіне назар аудару 3. Оқушылар арасында достық қарым-қатынас орнату, буллингті	1.Сынып жетекшілер, оқушылар, ата-аналар 2. «Инабат» қыздар клубы, 7–11 сынып қыздары 3. Сынып ұжымдары, мектеп кеңістігі	1.Тақырыптық бақылау 2.Тақырыптық бақылау 3.Жоспарлы бақылау	1.жиналыс хаттамаларын тексеру, фотодәлелдер 2.Сұхбат, клуб отырыстарының хаттамалары, фото және бейнематериалдар 3. Анонимді сауалнама, әңгімелесу, мектеп психологінің есебі, бейнебақылау материалдары	желтоқсан	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова С.К.Динасилов Педагог-психолог: Ф.Жумабаева А.Арын	Директор жанындағы кеңес Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңес	1.Қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әдістемелік кеңесте талқылау 2. Қыздарға арналған қосымша семинар ұйымдастыру, денсаулық сақтау органдарымен байланыс орнату 3. «Буллингке жол жоқ!» апталығы өткізу, ата-аналар жиналысында талқылау	Ақпан Наурыз Мамыр

Scanned with CamScanner

		болдырмау, психологиялық қолдау көрсету								
15	«Адал ұрпақ», «Өзін-өзі басқару» «Жас Сарбаз» ұйымдарының жұмысының тиімділігін талдау	Ұйымдар белсенділігін анықтау	Ұйым мүшелері	Тақырыптық	Мониторинг, есеп	Желтоқсан	Тәлімгер: А.Сманова АӘД жетекшісі: Б.Журсінов	Сынып жетекшілер ӘБ	Қайта құрылымдау	Сәуір
16	Кәмелетке толмағандар арасындағы деструктивті діни ағымдар идеологиясының таралуының алдын алу және жол бермеу жөніндегі 2024-2026 жылға арналған ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ жүргізілуі	Жол картасында көзделген іс-шаралардың орындалуын, тиімділігін, оқу орнында діни экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыстардың жүйелі жүргізілуін бақылау	Оқушылар, ата-аналар, сынып жетекшілер, педагогтер	Әкімшілік бақылау	Құжаттарды зерделеу, сауалнама жүргізу, әңгімелесу, ата-аналар жиналысына қатысу, ашық іс-шараларды бақылау	Тоқсанына 1 рет	С.К.Динасилов Дінтану пән мұғалімі: Қ.Жиенбаев	педагогикалық кеңес, директор жанындағы кеңес	Талдау нәтижесіне сәйкес қосымша түсіндірме жұмыстарын жүргізу, әдістемелік ұсыныстар беру, түзету шараларын қабылдау	Қаңтар, мамыр айларында қосымша тексеру
17	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру»	Оқушылар мен педагогтер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, адалдық, әділдік құндылықтарын насихаттау	Мұғалімдер, сынып жетекшілер, оқушылар	Әкімшілік бақылау	Құжаттарды талдау, әңгімелесу, сауалнама, ашық іс-шараларды бақылау	Қыркүйек–мамыр аралығы	С.К.Динасилов	Педагогикалық кеңес,	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың сапасын талдап, әдістемелік ұсыныстар беру, түзету шараларын қабылдау	Жыл соңында қорытынды бақылау жүргізу
18	Білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру»	Оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді өткізуін, үйірмелер мен секцияларға қатысуын қадағалау	Оқушылар, сынып жетекшілер, тәлімгерлер Ұйымдастырушы педагог Үйірме жетекшілері	Әкімшілік бақылау	Құжаттарды зерделеу, әңгімелесу, сауалнама, іс-шараларды бақылау	Тоқсанына 1 рет	ҚББП: Г.Тұяқова Ұйым. пед: Р.Алимбекова Тәлімгер: А.Сманова	Педагогикалық кеңес	Үйірме, секция жұмысының тиімділігін арттыру; қосымша іс-шаралар ұйымдастыру; әдістемелік ұсыныстар беру	тоқсанда қайта тексеру
19	1.Кәмелетке	1. Оқушылардың	1. Сынып	Жоспарлы	1.Сауалнама	Қаңтар		Сыныпм	1. Алдын алу	Наурыз

Scanned with CamScanner

	толмағандардың суицидтік мінез-құлқының аолын алуда психологиялық педагогикалық сүйемелдеу жұмысы 2.Девиантты мінез-құлықты оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу	психологиялық жай-күйін анықтап, суицидтік қауіптің алдын алу, дер кезінде қолдау көрсету 2. Девиантты мінез-құлық белгілері бар оқушыларды анықтау, олармен жеке және топтық жұмыстың тиімділігін бағалау	жетекшілер, психолог, әлеуметтік педагог жұмысы 2. Сынып жетекшілерді ң тәрбие жұмысы	бақылау	, әңгіме, құжат талдау, сабақтарға қатысу 2. Сұхбат, портфолио талдау, іс-шараларға қатысу, ата-аналармен әңгіме		Педагог-психолог: Ф.Жумабаева А.Арын	жетекшілер ӘБ Құқықбұзу шылықтың алдын алу кеңес\ Директор жанындағы кеңес	шараларын күшейту, ата-анамен жұмысты жетілдіру 2. Қосымша түзету-дамыту жұмыстары жоспарын енгізу	
20	Суицидті және жағымсыз ағымдарды насихаттайтын әлеуметтік желілердің алдын алу	Оқушылардың интернет пен әлеуметтік желілерді қауіпсіз пайдалануын қадағалау; зиянды мазмұндардан қорғау; психологиялық қауіптің алдын алу	Оқушылар	Жоспарлы, тақырыпт ық бақылау	Сауалнама, әңгімелесу, мониторинг, әлеуметтік желілерді шолу, ата-аналармен кері байланыс	Қаңтар	Педагог-психолог: Ф.Жумабаева А.Арын	Құқықбұзу шылықтың алдын алу кеңес\ Директор жанындағы кеңес	Әлеуметтік желіге тәуелділік пен зиянды контентті болдырмау бойынша ата-аналар мен оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүйелеу, сынып сағаттары ұйымдастыру	Сәуір
21	Буллингтің алдын алу	Оқушылар арасында буллингтің алдын алу шараларының орындалуын анықтау, тиімділігін бағалау	Мұғалімдер оқушылар ата-аналар	Ішкі бақылау	Сауалнама, әңгімелесу, құжаттарды талдау, сабаққа қатысу, мониторинг	Ақпан	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова С.К.Динасилов Педагог-психолог: Ф.Жумабаева А.Арын	Құқықбұзу шылықтың алдын алу кеңес\ Директор жанындағы кеңес	Нәтижелерді талқылап, әдістемелік ұсыныстар беру. Психологпен бірлесе тренингтер ұйымдастыру, ата-аналар жиналысында түсіндіру жұмыстарын күшейту	Мамыр
22	Ата-аналармен жұмыстың	Ата-аналардың тәрбиелік	Сынып жетекшілер,	Таңдамалы	Сауалнама, әңгіме	Наурыз		Сынып жетекші ӘБ	Іс-шаралар тізімін толықтыру	Наурыз

Scanned with CamScanner

	ұйымдастырылуы н және тиімділігін тексеру	үдерістегі рөлін анықтау	ата-аналар							
3	Білім класс электоронды журналдарына тәрбие сағаттарының, қауіпсіздік сабақтарын кіріктірілуін қарау	Сынып сағаттары мен қауіпсіздік сабақтарының электронды журналға толық әрі дұрыс енгізілуін тексеру	Сынып жетекшілер	Жоспарлы бақылау	Электронды журналды қарау, салыстыру, талдау	Қыркүйек мамыр	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова С.К.Динасилов ДАЖЖО: М.Алиев	Директор жанындағы кеңес	Анықталған кемшіліктерді жою, әдістемелік көмек көрсету, толықтыру жөнінде тапсырма беру	Тоқсанын а 1 рет
24	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру	Оқушылардың демалыс уақытын тиімді, қауіпсіз, мазмұнды өткізуін қадағалау; сынып жетекшілердің жұмысына баға беру	Оқушылар	Жоспарлы бақылау	құжаттарды тексеру, талдау	Мамыр	ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова С.К.Динасилов	Директор жанындағы кеңес	Жазғы демалысты ұйымдастыру сапасын арттыру бойынша ұсыныстар беру, ата-аналармен жұмысты жетілдіру	

Оқушыларды ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру	Оқушылардың сапалы, қауіпсіз және уақытылы ыстық тамақпен қамтылуын бақылау	Мектеп асханасы, ас мәзірі, оқушылар	Тақырыптық бақылау	Бақылау, ас мәзірін талдау, құжаттарды тексеру, сауалнама, мониторинг	Қыркүйек–мамыр (ай сайын)	Әлеуметтік педагог: Қ.Мұсақұлова А.Базарбаева Мектеп медбике: К.Игилова	Директор жанындағы кеңес	Ас сапасын жақсарту, санитарлық талаптарды сақтау, кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар	Тоқсан сайын

Scanned with CamScanner

2026-2027 оқу жылы бойынша Білім беру жүйесіндегі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру туралы
АНЫҚТАМА

Бақылау тақырыбы: Білім беру жүйесіндегі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру
Бақылау мақсаты: Педагогикалық ұжымға «Адал азамат» бағдарламасының мазмұнын түсіндіру, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тиімділігін арттыру
Бақылау объектісі: Мұғалімдер, сынып жетекшілер, тәрбиешілер
Бақылау түрі: Әкімшілік бақылау
Бақылау әдістері: Құжаттарды зерделеу, таныстырылым, әңгімелесу, сауалнама
Орындау мерзімі: 31 тамыз 2026 жыл
Жауаптылар: Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер
Қарау орыны: Педагогикалық кеңес
Басқарушылық шешім: Бағдарламаны іске асыру бойынша мектепішілік бұйрық шығару, жоспарға енгізу

Қорытындысы

2026–2027 оқу жылының басында педагогикалық кеңес барысында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұны педагогикалық ұжымға кеңінен таныстырылып тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі бағыттары мен басымдықтары жан жақты қарастырылды Бағдарламаның мазмұны білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға жауапкершілігі жоғары еңбекқор отансүйгіш заң мен тәртіпті құрметтейтін саналы азамат тәрбиелеуге бағытталғаны атап өтілді

Педагогикалық кеңес барысында бағдарламаның негізгі құндылықтары болып табылатын әділдік пен жауапкершілік отансүйгіштік пен бірлік еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік жасампаздық пен жаңашылдық бағыттарының мазмұны кеңінен түсіндірілді Аталған құндылықтарды білім беру мен тәрбие үдерісінде жүйелі түрде жүзеге асыру жолдары қарастырылып әр педагогтің тәрбие жұмысындағы жауапкершілігі мен рөлі айқындалды

Бағдарламаның жаңартылған мазмұнын жүзеге асыру тек жекелеген іс шаралар өткізумен шектелмей білім алушылардың күнделікті өмірімен сабақтағы және сабақтан тыс әрекеттерімен қоғамдық жұмыстарымен өзара қарым қатынас мәдениетімен ұштасуы қажеттігі айтылды Әрбір тәрбие жұмысы оқушының бойында адалдық жауапкершілік еңбекқорлық тәртіптілік әділдік үлкенге құрмет кішіге қамқорлық Отанға сүйіспеншілік және қоғам алдындағы жауапкершілік сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталуы керектігі талқыланды

Педагогтер мен сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру құндылықтарды қарапайым түсіндірумен шектелмей оларды нақты өмірлік жағдайлар арқылы меңгерту қажеттігі түсіндірілді Осы бағытта пікірталас кездесулер дөңгелек үстелдер жобалық жұмыстар шығармашылық тапсырмалар танымдық сағаттар челленджде акциялар еріктілік шаралары ұлттық және зияткерлік ойындар ұйымдастырудың тиімділігі қарастырылды

Сонымен қатар білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру заң мен тәртіпті құрметтеуге тәрбиелеу құқық бұзушылықтың буллингтің кибербуллингтің зорлық зомбылықтың зиянды әдеттердің және басқа да жағымсыз әрекеттердің алдын алу мәселелеріне ерекше назар аудару қажеттігі айтылды Оқушыларға өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіру қоғамдық ортада өзін дұрыс ұстау жауапкершілікті сезіну өз

Scanned with CamScanner

әрекетіне саналы түрде баға бере білу дағдыларын қалыптастыру тәрбие жұмысының маңызды бөлігі ретінде белгіленді

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытында мемлекеттік рәміздерді құрметтеу ана тіліне тарихқа мәдениетке салт дәстүрге ұлттық мұраға құрметпен қарау туған жерге қамқорлық жасау және елдің дамуына үлес қосуға ұмтылу мәселелері тәрбие жұмысының барлық бағыттарымен сабақтастырылуы қажет екендігі көрсетілді Отансүйгіштік ұғымын білім алушының күнделікті іс әрекетіндегі жауапкершілікпен адал еңбекпен білімге ұмтылыспен табиғатты қорғаумен және қоғамдық ортаға құрметпен қараумен байланыстыра түсіндіру қажеттілігі атап өтілді

Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік құндылықтары бойынша оқушылардың еңбекке құрметін арттыру кез келген адал еңбектің маңызын түсіндіру мамандық таңдауға саналы көзқарас қалыптастыру өз ісін сапалы орындауға үйрету және нәтижеге жетуге ұмтылысын қолдау мәселелері қарастырылды Жасампаздық пен жаңашылдық бағыты бойынша оқушылардың шығармашылық қабілеттерін бастамашылдығын зерттеушілік дағдыларын жаңа идея ұсыну және оны жүзеге асыру қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстарды көбейту қажеттілігі анықталды

Тәрбие жұмысын нәтижелі жүзеге асыруда мектеп пен ата ана және қоғам арасындағы өзара байланысты күшейтудің маңыздылығы да талқыланды Ата аналарды тәрбие жұмысына белсенді тарту отбасылық құндылықтарды насихаттау бала тәрбиесіне қатысты ортақ жауапкершілікті қалыптастыру және мектепте өткізілетін тәрбиелік шараларға ата аналардың қатысуын арттыру қажеттілігі белгіленді

Сынып жетекшілеріне бағдарламаның негізгі бағыттарын күнделікті тәрбие жұмысына тиімді кіріктіруге арналған әдістемелік бағыт бағдар беріліп тәрбие сағаттары қауіпсіздік сабақтары сыныптан тыс іс шаралар ата аналармен жұмыс оқушылардың өзін өзі басқару ұйымдарының қызметі мен түрлі жобаларды өзара байланысты ұйымдастыру мәселелері түсіндірілді Тәрбие жұмысының нәтижесін тек өткізілген іс шара санымен емес білім алушылардың мінез құлқындағы жауапкершілігіндегі қоғамдық белсенділігіндегі және құндылықтарға деген көзқарасындағы оң өзгерістер арқылы бағалау қажеттігі айтылды

Педагогикалық кеңес қорытындысында «Адал азамат» бағдарламасының жаңартылған мазмұнын сапалы жүзеге асыру бүкіл педагогикалық ұжымның бірлескен жүйелі және мақсатты жұмысына байланысты екендігі анықталды Бағдарламаның құндылықтарын мектеп өмірінің барлық саласына кіріктіру арқылы адал жауапты білімді еңбекқор жаңашыл ұлттық құндылықтарды құрметтейтін және ел болашағына бейжай қарамайтын тұлға қалыптастыру тәрбие жұмысының негізгі міндеті ретінде белгіленді

Қорытынды ұсыныстар

1 «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнын 2026–2027 оқу жылындағы мектептің тәрбие жұмысының барлық бағыттарына жүйелі түрде кіріктіру және жоспарланған жұмыстардың бағдарлама құндылықтарымен сабақтастығын қамтамасыз ету

2 Әрбір сынып жетекшісінің жылдық тәрбие жұмысында әділдік пен жауапкершілік отансүйгіштік пен бірлік еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкес қамтуды қамтамасыз ету

3 Сынып сағаттары тәрбие шаралары қауіпсіздік сабақтары кездесулер пікірталастар дөңгелек үстелдер жобалар акциялар челлендждер және шығармашылық жұмыстар барысында оқушылардың белсенді қатысуына басымдық беру

4 Білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру заң мен тәртіпті құрметтеу жауапкершілікті сезіну өз құқықтары мен міндеттерін білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған профилактикалық және танымдық жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру

Scanned with CamScanner

5 Оқушылар арасында адалдық әділдік жауапкершілік отансүйгіштік еңбекқорлық бірлік өзара құрмет қамқорлық және қоғамдық жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыратын тәрбиелік жобалардың санын арттыру және олардың нәтижелілігін талдап отыру
6 Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған жұмыстарды күшейтіп мемлекеттік рәміздерді ана тілін ұлттық мәдениетті тарихты салт дәстүрді және туған жерді құрметтеуге бағытталған іс шараларды тәрбие жұмысының басқа бағыттарымен өзара байланысты жүргізу

ДТЖЖО:Г.Т.Ахатова

Scanned with CamScanner

«Шардара» мектеп-лицей 26-2027 оқу жылында «Адал азамат» Біртұтас бағдаралама аясында жүргізілетін жобалар жұмысы (6 жоба)туралы
АНЫҚТАМА

Бақылау тақырыбы: Бағдаралама аясында жүргізілетін жобалар жұмысы (6 жоба)
Бақылау мақсаты: 6 жобаларды тиімді ұйымдастыруын, жоспарға сәйкес жүзеге асыруын қадағалау
Бақылау объектісі: Жоба жетекшілері
Бақылау түрі: Ішкі бақылау
Бақылау әдістері: Құжаттарды талдау, әңгімелесу, сауалнама, ашық іс-шараларды бақылау
Орындау мерзімі: 16 қыркүйек 2026жыл
Жауаптылар: ДТЖЖО, ұйымдастырушы педагог, тәлімгерлер, жоба жетекшілері
Қарау орыны: Сынып жетекші ӘБ
Басқарушылық шешім: Жобалардың орындалу сапасына талдау жасап, әдістемелік ұсыныстар беру, түзету шараларын қабылдау

Қорытындысы
2026–2027 оқу жылының басында бағдарлама аясында жүзеге асырылатын 6 жобаның жұмысын ұйымдастыру жағдайына ішкі бақылау жүргізілді Бақылау барысында жоба жетекшілерінің жұмыс жоспарлары мақсат міндеттері іс шаралардың мерзімі білім алушыларды қамту деңгейі және қажетті құжаттардың жүргізілуі қаралды
Жүргізілген бақылау нәтижесінде жобалар бойынша жұмыстардың басталғаны және жетекшілер тарапынан тиісті ұйымдастыру шаралары жүргізіліп жатқаны анықталды Жоспарланған жұмыстарда білім алушыларды қоғамдық белсенділікке жауапкершілікке еңбекқорлыққа шығармашылыққа кітап оқуға ұлттық құндылықтарды құрметтеуге және қоршаған ортаға ұқыпты қарауға бағыттайтын іс шараларға басымдық берілген
Жоба жетекшілерінің жоспарларын зерделеу барысында жұмыстарды тек іс шара өткізумен шектемей оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыратын практикалық шығармашылық танымдық және командалық жұмыстармен толықтыру қажеттігі белгіленді Сонымен қатар әр жобаның атқарылған жұмысын растайтын материалдарды ретімен жинақтау қорытындысын уақытында шығару және нәтижесін нақты көрсетуге назар аудару қажеттігі айтылды
Жекелеген бағыттар бойынша ата аналармен бірлескен жұмыстарды күшейту ақпараттық түсіндіру жұмыстарын кеңейту және жобаларға білім алушыларды кеңінен тарту қажеттілігі анықталды Аталған мәселелер бойынша жоба жетекшілеріне нақты ұсыныстар беріліп оқу жылы барысында жұмыстардың орындалуына жүйелі бақылау жүргізу белгіленді
Жалпы 6 жоба бойынша оқу жылының басындағы ұйымдастыру жұмыстары жүргізілген Алдағы кезеңде әр жобаның жоспарын жүйелі орындау білім алушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету және атқарылған жұмыстың нақты нәтижесін көрсету негізгі міндет болып белгіленді
Қорытынды ұсыныс
1 Әр жоба жетекшісі бекітілген жоспарға сәйкес жұмыстардың уақытылы орындалуын қамтамасыз етіп әр тоқсанның қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстарға қысқаша талдау жүргізу
2 Жобалық жұмыстарға білім алушыларды белсенді тартып олардың бастамалары мен қызығушылықтарын қолдайтын практикалық шығармашылық танымдық және қоғамдық іс шаралардың үлесін арттыру

Scanned with CamScanner

3 Әр жоба бойынша жүргізілген жұмыстарды жүйелі құжаттап жоспар анықтама есеп фото және бейнематериалдарды бірізді жинақтап жыл соңындағы қорытынды талдауға негіз болатын материалдық база қалыптастыру

4 Жобалардың орындалу барысын әдістемелік отырыстарда және мектепішілік бақылау барысында кезең кезеңімен қарастырып туындаған мәселелер бойынша жоба жетекшілеріне қажетті әдістемелік қолдау көрсету

5 Жобалардың мазмұнына сәйкес ата аналарды мектеп қауымдастығын және мүдделі тараптарды бірлескен жұмыстарға тартып мектеп пен отбасы арасындағы байланысты күшейту

6 Әр жобаның нәтижелі жұмыстарын мектептің ақпараттық алаңдарында жүйелі көрсетіп оқушылардың жетістіктері мен белсенді бастамаларын насихаттау

ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова

Scanned with CamScanner

2026-2027 оқу жылында «Шардара» мектеп-лицейінде қауіпсіз, жайлы физикалық оқу ортасын қамтамасыз ету
АНЫҚТАМА

Бақылау тақырыбы: Білім беру ұйымында қауіпсіз, жайлы физикалық оқу ортасын қамтамасыз ету
Бақылау мақсаты: Қауіпсіздік талаптарының сақталуын тексеру
Бақылау объектісі: Мектеп ауласы, ғимарат ішіндегі жағдай
Бақылау түрі: Тақырыптық
Бақылау әдістері: Бақылау, фотофиксация, акт
Орындау мерзімі: 09 қыркүйек 2026 жыл
Жауаптылар: Мектеп әкімшілігі, дене шынықтыру пән мұғалімдері, мектеп медбикесі,АӘД жетекшісі,сынып жетекшілер
Қарау орыны: Директор жанындағы кеңес

Қорытындысы:
2026–2027 оқу жылының басында білім алушыларға қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету мақсатында мектептің ішкі және сыртқы жағдайына тақырыптық бақылау жүргізілді Бақылау барысында мектеп ауласының тазалығы жарықтандыру жүйесі ауыз судың қолжетімділігі спорт және ойын алаңдарының жағдайы мен қауіпсіздігі қаралды
Мектеп ғимараты ішінде оқу кабинеттерінің санитарлық жағдайына эвакуациялық шығу жолдарының ашық болуына өрт қауіпсіздігі құралдарының жарамдылығына алғашқы медициналық көмек көрсетуге қажетті құралдардың болуына ерекше назар аударылды Сонымен қатар білім алушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін санитарлық гигиеналық талаптардың сақталуы тексерілді
Бақылау нәтижесінде мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бағытында тиісті жұмыстар жүргізіліп отырғаны анықталды Сонымен қатар күнделікті бақылауды және дер кезінде ретке келтіруді қажет ететін жекелеген мәселелер белгіленді Анықталған жағдайлар бойынша жауапты қызметкерлерге нақты тапсырмалар беріліп қауіпсіздік талаптарын тұрақты назарда ұстау қажеттігі ескертілді
Жалпы білім алушылардың мектепте қауіпсіз әрі жайлы ортада білім алуын қамтамасыз ету үшін санитарлық тазалық өрт қауіпсіздігі ауыз су спорт алаңдары мен мектеп ғимаратының техникалық жағдайын тұрақты бақылауда ұстау қажет деген қорытынды жасалды

Қорытынды ұсыныс
1 Мектеп ауласы спорт және ойын алаңдарындағы жабдықтардың қауіпсіздігін тұрақты тексеріп анықталған ақауларды уақытында қалпына келтіру
2 Өрт қауіпсіздігі құралдарының жарамдылығын эвакуациялық шығу жолдарының қолжетімділігін және қауіпсіздік белгілерінің дұрыс орналасуын жүйелі бақылауда ұстау
3 Мектеп ғимаратындағы санитарлық тазалық ауыз су жағдайы оқу кабинеттері мен ортақ пайдаланылатын орындардың санитарлық гигиеналық талаптарға сәйкестігін күнделікті қадағалау
4 Қызметкерлер мен білім алушыларға қауіпсіздік техникасы өрт кезіндегі әрекет және төтенше жағдайларда эвакуациялау тәртібі бойынша нұсқаулық жұмыстарын белгіленген мерзімде жүргізіп отыру

Scanned with CamScanner

«Шардара» мектеп-лицейінде 2026-2027 оқу жылында өткен оқу жылындағы ӘБ жұмысының қортындысын талдап жаңа оқу жылының жыдық жоспарын жоспарлау туралы

АНЫҚТАМА

Бақылау тақырыбы: Өткен оқу жылындағы ӘБ жұмысының қортындысын талдап жаңа оқу жылының жыдық жоспарын жоспарлау

Бақылау мақсаты: Өткен оқу жылындағы Әдістемелік бірлестіктің (ӘБ) жұмысын кешенді талдау арқылы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтау, туындаған мәселелерді шешудің тиімді жолдарын айқындау, алдағы оқу жылына қойылатын міндеттерді белгілеу және сол негізде жаңа оқу жылының жылдық жұмыс жоспарын әзірлеу.

Бақылау объектісі: Сынып жетекшілер

Бақылау түрі: Тақырыптық

Бақылау әдістері: Құжат, бақылау, талдау

Орындау мерзімі: 11 қыркүйек 2026жыл

Жауаптылар: ДТЖЖО,сынып жетекшілер

Қарау орыны: Сынып жетекші ӘБ

Басқарушылық шешім: Қортынды есеп

Қорытындысы

2025–2026 оқу жылында сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі жоспарланған бағыттар бойынша жұмыс жүргізді.Негізгі назар сынып жетекшілерге әдістемелік қолдау көрсету тәрбие жұмысын бірізді ұйымдастыру. Білім алушылардың тәртібі мен жауапкершілігін қалыптастыру ұлттық құндылықтарды дәріптеу құқық бұзушылықтың алдын алу және ата аналармен байланысты күшейту мәселелеріне аударылды.

Оқу жылы барысында өткізілген әдістемелік бірлестік отырыстарында тәрбие жұмысына қатысты өзекті мәселелер талқыланып сынып жетекшілер өз тәжірибелерімен бөлісті. Сынып ұжымымен жұмыс жүргізу, сынып сағаттарын ұйымдастыру оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата аналармен бірлескен жұмыстарды жүргізу және профилактикалық шараларды ұйымдастыру бойынша әдістемелік бағыттар берілді.

Жылдық жұмысқа жүргізілген талдау сынып жетекшілердің басым бөлігінде тәрбие жұмыстары жоспарға сәйкес орындалғанын көрсетті. Сынып сағаттары ата - аналар жиналыстары тәрбиелік және профилактикалық іс- шаралар белгіленген мерзімдерде өткізіліп, тиісті құжаттары жинақталған.

Сонымен қатар алдағы уақытта назар аударуды қажет ететін мәселелер де анықталды. Атап айтқанда, өткізілген жұмыстардың қорытындысын нақты талдау әр оқушының ерекшелігін ескере отырып, жеке жұмыстарды күшейту, тәрбие шараларының оқушыға берген нәтижесін көрсету және есептік құжаттардың мазмұнын жетілдіру қажет.

Жалпы сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмысы қанағаттанарлық деңгейде жүргізілді. Алдағы оқу жылында қалыптасқан тәжірибені жалғастыра отырып, анықталған кемшіліктерді түзету, сынып жетекшілерге практикалық әдістемелік қолдауды күшейту және тәрбие жұмысының нақты нәтижесіне басымдық беру қажет деп қорытындыланды.

Scanned with CamScanner

Қорытынды ұсыныс

1. 2025–2026 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар мен анықталған мәселелерді ескере отырып 2026–2027 оқу жылына арналған сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарын нақты міндеттермен толықтыру.

2. Сынып жетекшілердің кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсатында тәжірибе алмасу отырыстарын практикалық семинарлар коучингтер мен шеберлік сағаттарын жүйелі ұйымдастыру.

3. Тәрбие жұмыстарын жоспарлау кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктерін қызығушылықтарын және сыныптағы нақты жағдайды ескеріп оқушының белсенді қатысуына мүмкіндік беретін тиімді әдістерді қолдану.

4. Сынып жетекшілердің құжаттарын жүргізу сапасына жүйелі бақылау жасап есептерде өткізілген іс шараларды ғана емес олардың нәтижесі мен оқушыларда байқалған өзгерістерді нақты көрсетуге назар аудару.

5. Ата аналармен жұмысты жандандырып сынып жетекші ата ана және оқушы арасындағы байланысты күшейтетін бірлескен кездесулер кеңестер тәрбиелік және профилактикалық жұмыстарды оқу жылы бойы жүйелі жүргізу.

ДТЖЖО:С.К.Динасилов, Г.Т.Ахатова

Scanned with CamScanner

«Шардара» мектеп-лицейінде ӘБ сынып жетекшілер жиналысына
АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Өзара тәжірибе алмасу бағытында сынып сағаттарына қатысу. Сынып жетекшілерінің сынып сағаттарында көрнекі құралдарды тиімді пайдалануын бақылау

Күні: 15 қыркүйек 2026жыл

Қатысқандар: сынып жетекшілер, тәрбие ісі жөніндегі жауапты мамандар

1.Сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігін арттыру, тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы тиімді әдіс-тәсілдерді өзара бөлісу мақсатында сынып жетекшілердің сынып сағаттарына қатысу жұмыстары ұйымдастырылды.

Бақылау барысында сынып сағаттарының мазмұны, оқушылардың белсенділігі, тәрбие әдістерінің қолданылуы, сынып жетекшісінің оқушылармен қарым-қатынасы және кері байланыс ұйымдастыруы назарға алынды.

Сынып сағаттарына қатысу барысында тиімді тәжірибелер анықталып, сынып жетекшілер арасында талқыланды. Әріптестер өз тәжірибелерімен бөлісіп, сынып сағаттарын қызықты әрі мазмұнды өткізудің тиімді жолдарын ұсынды.

2.Сынып сағаттарының тәрбиелік және танымдық маңызын арттыру мақсатында сынып жетекшілерінің көрнекі құралдарды пайдалану деңгейіне бақылау жүргізілді.

Бақылау барысында сынып жетекшілерінің тақырыпқа сәйкес презентациялар, бейнематериалдар, суреттер, плакаттар, үлестірмелі материалдар және басқа да көрнекі құралдарды тиімді қолдануына назар аударылды.

Көрнекі құралдарды сабақтың тақырыбы мен мақсатына сәйкестендіріп қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың белсенді қатысуына ықпал ететіні байқалды.

Қорытынды:

Өзара тәжірибе алмасу жұмыстары сынып жетекшілерінің кәсіби біліктілігін арттыруға және тәрбие жұмысының сапасын жақсартуға мүмкіндік беретіні анықталды.

Сынып жетекшілеріне сынып сағаттарында заманауи цифрлық ресурстармен қатар дәстүрлі көрнекіліктерді де орынды және тиімді пайдалану ұсынылды.

Ұсыныс: сынып жетекшілердің ашық сынып сағаттарына өзара қатысу жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру.

Тиімді көрнекі құралдарды пайдалану тәжірибесін сынып жетекшілер арасында тарату.

ӘБ жетекші:Г.Сахова

Scanned with CamScanner

«Шардара» мектеп-лицейінде ӘБ сынып жетекшілер жиналысына
АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Оқушылардың үйірмелерге, пәндік апталықтарға белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Сынып белсенділерін және дарынды оқушыларды анықтау, олармен жұмыс жүргізу.

Күні: «25» 09 2026 жыл

1.Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қабілеттерін дамыту және мектепішілік қоғамдық жұмыстарға белсенділігін арттыру мақсатында сынып жетекшілермен жұмыс жүргізілді.

Жиналыс барысында оқушыларды қызығушылықтарына сәйкес үйірмелерге тарту, пәндік апталықтарға, олимпиадаларға, байқауларға және мектепішілік іс-шараларға белсенді қатыстыру мәселелері қаралды.

Сынып жетекшілеріне әр оқушының қызығушылығы мен қабілетін анықтап, үйірмелерге қатысуын бақылау және ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

2.Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысын жетілдіру және оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту мақсатында сынып белсенділері мен дарынды оқушыларды анықтау мәселесі қарастырылды.

Жиналыс барысында сыныптағы көшбасшылық қабілеті жоғары, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысатын және түрлі пәндерге қызығушылығы бар оқушыларды анықтау қажеттілігі айтылды.

Дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту үшін олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, шығармашылық байқауларға және түрлі интеллектуалдық сайыстарға қатыстыру ұсынылды.

Сынып белсенділеріне сыныптың қоғамдық жұмыстарын ұйымдастыруға жауапкершілік беру, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау қажеттігі атап өтілді.

Қорытынды:

Оқушылардың қосымша білім беру және пәндік іс-шараларға қатысу белсенділігін арттыру сынып жетекшілерінің тұрақты бақылауында болуы қажет.

Ұсыныс: әр сынып бойынша үйірмеге қатысатын оқушылардың тізімін нақтылап, қатысу белсенділігіне жүйелі мониторинг жүргізу.

Дарынды және белсенді оқушылардың жетістіктерін жүйелі түрде насихаттап, мектеп көлемінде қолдау көрсету.

ӘБ жетекші:Г.Сахова

Scanned with CamScanner